



БУРАХАН АСҚАР

# Құқық

- **Құқық** (ағылш. 1. law (наука); 2. right)  
– МЕМЛЕКЕТ орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп ережелерінің ( нормалардың ) жиынтығы. Құқықтың түсініктері бірнеше, бірақ мазмұндары біреу-ақ.



# Құқықтың екі түрлі түсінігі болады:

- Біріншісі – құқықтың объективтік түсінігі, қоғамның объективтік дамуына сәйкес жаңа қатынастардың қалыптасуы;
- Екіншісі – құқықтың субъективтік түсінігі объективтік қалыптасқан қатынастарды реттейтін, басқаратын нормативтік актілерді уақытында қабылдап бекіту.





## Құқық мазмұнының негізгі элементтері:

- қоғамның және  
адамдардың мүдде-  
мақсатын қорғау,  
орындау;



- қоғамды дағдарысқа  
ұшыратпай,  
экономикалық, саяси,  
әлеуметтік, мәдениеттік т.  
б. бағытын дамытып,  
нығайту;





- қарым-қатынастарды  
реттеп, басқару;

- мемлекеттік  
органдардың,  
ұйымдардың құзіретін,  
ара-қатынасын реттеп  
басқару.



Құқық негіздеріне мемлекеттің басты негізгі заңы — Конституциясы, салалық заңдары және басқа құқық нормалары тұжырымдалған мемлекеттік нормативті актілері жатады. Құқықтың мазмұны құқықтық нормалардың жиынтығынан тұрады.





Құқықтың реттеу функциясы –  
нормативтік актілер арқылы  
қоғамдық қатынастардың  
байланысын, орындалу жолдарын,  
бағыттарын анықтап отыру.

Құқықтың қорғау функциясы –  
нормативтік актілердің қоғамдағы  
қарым-қатынасқа ықпалын, әсерін  
күшейту, жаман қатынастарға  
тыйым салу.

# Құқықтық норма



– құқықтың бір клеткасы, қоғамдық қатынастардың жақсы дамуының үлгісі деуге болады. Ол адам істерінің, жұмысының, тәртібінің шеңберін анықтап, олардың бостандығын және қарым-қатынасын



# Жеке және жария құқық



Жеке құқық – бұл оған мемлекет араласпайтын барлық нәрсе.

Жеке қатынастар бұл – өзара бағыну емес келісімді қатынастар.



Жеке құқықтық қатынастар сипатталады: – құқықтық қатынас тараптарының теңдігімен



-құқықтық қатынас тараптарының салыстырмалы бостандылығымен және дербестілігімен;





# Жария құқық

- Жария құқық бұл – жария–құқықтық саладағы мемлекеттік қызметті реттейтін құқықтық нормалар. Онымен реттелетін қатынастарда мемлекеттік мүдде көрініс табады. Ол көлденең емес - тік, яғни бағыныстылық қатынастарын реттейді. Жария құқық саласында «тиым салынбағанның барлығы рұқсат етілген» деген емес, «құқық соған жол беретін ғана рұқсат етілген» деген қағидат іске асуы тиіс.

Құқықтық реттеу әдісі дегеніміз — біртектес қоғамдық қатынастарды сапалы құқықтың реттеуді жүзеге асыруға көмектесетін заңдық тәсілдер. Құқықтық реттеудің мынадай негізгі әдістері бар:

